

№95 «Алматы» балабақшасының 2024 жылғы 23 ақпан айындағы  
Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды  
анықтамасынан үзінді.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті  
Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды**

**Астана қаласы әкімдігінің «№ 95 «Алматы» балабақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**  
(білім беру ұйымының атауы)

Астана қаласы

2024 жылғы «23» ақпан

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Бағалау критерийлері), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2023 жылғы 9 қарашадағы № 441-ік бұйрығымен бекітілген 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылғы 19 ақпан мен 23 ақпан аралығында Астана қаласы әкімдігінің №95 «Алматы» балабақшасы МКҚК-ға (бұдан әрі - № 95 «Алматы» балабақшасы) мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

№95 «Алматы» балабақшасы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

Ұйым туралы жалпы мәліметтер		
1.	Білім беру ұйымының толық атауы	Астана қаласы әкімдігінің «№95 «Алматы» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2.	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Алматы көшесі 4
3.	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, веб-сайт)	+7 (7172) 65-15-27, 65-15-20; e-mail: <a href="mailto:vaslisad95.almaty@mail.ru">vaslisad95.almaty@mail.ru</a> сайт: <a href="https://95almatysad.kz">https://95almatysad.kz</a>
4.	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	№95 «Алматы» балабақшасының меңгерушісі Смакова Анар Долдабековна, №694 ж/к 16.10.2018 ж. №1 қосымшада Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығымен тағайындалған
5.	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы: БСН 181040014027 Берілген күні: 2023 жылғы 14 ақпандағы Білім беруді ұйымдастыру өз қызметінде бекітілген жарғыны басшылыққа алады.
6.	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны	Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама: KZ51VWF00030474 2020 жылғы 18 қыркүйекте берілген.

- Ортаңғы – 12 сағат;
- Ересек – 14 сағат;
- Мектепалды даярлық – 20 сағатты құрайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, перспективалық жоспар және циклограмма өтпелі тақырыпқа сай жазылған. Балабақшада барлығы 12 топ тәрбиеленіп оқытылған. Мемлекеттік тілде: кіші топ – 1, ортаңғы топ - 2, ересек топ - 2, мектепалды даярлық тобы – 3. Орыс тілінде ортаңғы топ-1, ересек топ-1, мектепалды тобы-2.

**2022-2023** оқу жылында балабақшада 12 топ тәрбиеленіп, оқытылған, оның ішінде мемлекеттік тілде: кіші топ – 2, ортаңғы топ - 2, ересек топ – 3, мектепалды тобы – 2. Орыс тілінде ортаңғы топ-1, ересек топ-1, мектепалды тобы-1.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны:

*Физикалық қасиеттерді дамыту* - дене шынықтыру;

*Коммуникативтік дағдыларды дамыту* - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);

*Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту* – сенсорика, математика негіздері, құрастыру;

*Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекетін дамыту* - сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка.

*Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру* - қоршаған ортамен таныстыру болып өзгерген. Барлық жас топтарында күн сайын ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ойын түрінде өткізілсе, мектепалды тобында апталық жүктеме 20 сағат болып сақталды. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекеті кестеге сәйкес барлық топтарда өтеді.

Балабақшаның оқу жұмыс жоспарын мектепке дейінгі ұйым басшысы бекіткен, апталық оқу жүктемесі сақтала отырып, перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограммада балаларды қабылдаудан бастап, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуіне дейінгі барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз ету жүзеге асырылған.

**2023-2024** оқу жылының оқу жұмыс жоспарын мектепке дейінгі ұйым басшысы бекіткен. Балабақшада барлығы 12 топ тәрбиеленіп, оқытылуда. Оның ішінде мемлекеттік тілде: 1- кіші, 3 – ортаңғы, 3 - ересек және 3- мектепалды топ тәрбиеленуде. Орыс тілінде 1-ересек, 1-мектепалды тобы бар. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, мамандар мен тәрбиешілердің ұсынған перспективалық жоспарлары мен циклограммалары зерделенді.

	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективалық жоспарларда Үлгілік оқу бағдарламасында берілген міндеттерді 1 жылға айқындап, бекітілгендігі байқалды. Сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес дене шынықтыру нұсқаушысының, музыка жетекшісінің, қазақ тілі маманының және тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары жас ерекшелігіне сәйкес жасалғандығы байқалды. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ойын арқылы балалар іс-әрекетінің түрлерін қолдана отырып кешенді түрде балаларды дамытуға, оның ішінде физикалық, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық, өзіне-өзі қызмет көрсету сияқты негізгі дағдыларға бағытталған. Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы әр аптаға құрылған, балаларды қабылдаудан бастап ұйымдастырылған іс-әрекеттер, серуендеу, күндізгі ұйқыны ұйымдастыру, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген.</p> <p>Астана қаласы Білім басқармасы ММ 2023 жылдың 08 қыркүйектегі №1884 бұйрығына сәйкес балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқытуда «Ізгілік педагогикасында инновациялық технологияларды пайдалану» тақырыбында эксперименттік алаң жұмысы ашылды. Баланың ізгілікті педагогика жолымен және экологиялық тәрбие беруде инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдары қабілетін дамыту мақсатында жүргізілуде.</p>
	<p><b>Қорытынды:</b> Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес.</p>
2)	<p>Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген <i>(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген)</i> Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына <b>(вариативті, жеке, бейімделген, қосымша)</b> сәйкес іске асыру</p> <p><b>Талдау нәтижесі:</b></p> <p>№95 «Алматы» балабақшасының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша жұмыстары зерделеніп қарастырылды:</p> <p>Балабақшаның <b>2021-2022 оқу жылындағы</b> оқу жұмыс жоспарына сәйкес ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық топтарында келесі көрсетілген вариативтік компоненттер: «Мен және айналадағы табиғат» оқу тәрбиелік кешені, «Этнопедагогика» әдістемелік құрал, «Сто экологических игр»</p>

	<p>логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, казак тілі мұғалімі) - 10 педагог. Педагогикалық ұжымның біліктілік деңгейін зерделей келе: екінші санат-5 (18 %); бірінші санат-2 7%); жоғары санат-1 (3,5%), педагог-модератор-7 (25 %); педагог-сарапшы-3 (11%); педагог-зерттеуші-1 (3,5%), санаты жоқ-9 (32%) үлесі анықталды. Үлесі – 68 % - ды құрайды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында балабақшаның педагогикалық құрамы 4 жас мамандармен толықтырылған.</p> <p>Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтердің үлесі – 100 % көрсеткішті көрсетті. Балабақша педагогтары 16-«Өрлеуден», 1-БАҰО, Педагогикалық шеберлік орталығынан, 2-«Балаларды ерте дамыту институтынан», 2-«Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы РМҚК», 7-«Маман» оқу-өндірістік орталығынан» біліктілікті арттыру мекемелерінен өз білімдерін жетілдіріп отырған. Талдау нәтижесінде балабақша педагогтері жүйелі түрде курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысып, өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырып отыратындығы байқалды.</p>
	<p><b>Қорытынды:</b> Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын 1-қосымшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес.</p>
4	<p><b>Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы</b></p> <p><b>Талдау нәтижесі:</b></p> <p>№95 «Алматы» балабақшасы қызметінің өзін-өзі бағалауында ұсынған деректерді қарастыру барысында баланың даму мониторингісі жүйелі жүргізілгені анықталды. Мектепалды жастағы балалардың даму мониторингісін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерін қарау барысында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының құжаттары толық ұсынылды. Барлық мектепалды топтарында бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүйелі түрде жүргізілген.</p> <p><b>2021-2022</b> оқу жылындағы балабақшадағы мектепалды даярлық тобындағы балалардың дамуына жүргізілген (бастапқы) мониторингке сүйенетін болсақ, «Жетісу» мектепалды даярлық тобының мониторинг бойынша: I-8 бала-35%, II-15 бала- 65%, III-0, «Алатау» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – %, II – 11 бала-52%, III –10 бала-48%, «Есентай» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 0%, II -15 бала- 60%, III – 10 бала- 40%, «Алматы» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I – 0%, II -12 бала- 48%, III – 13 бала-52%, «Алма-арасан» мектепалды даярлық тобының мониторинг нәтижесі: I</p>

**Талдау нәтижесі:**

№95 «Алматы» мектепке дейінгі ұйымында 4 мектепалды топ бар: «Алма-арасан», «Есентай», «Таусамал», «Алатау». Топтардың 3 мемлекеттік тілде, 1 орыс тілінде тәрбиеленіп оқытылады. Жалпы балабақшадан 1-сыныпқа баратын балалардың саны – 105. Тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеруіне талдау оңтайлы нәтижелерді көрсетеді. Педагогикалық ұжымның балалармен «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативті дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» іс-әрекет дағдыларының көрсеткіштері арқылы мониторинг талдау жүргізілген жұмыстардың қорытындысынан балалардың физикалық дамыған, ізденімпаз, бастамашыл, табанды, бейімделуге қабілетті, көпшіл, өзіне сенімді, командада жұмыс істей білетін, эмоционалды жауапты, өзі, отбасы, қоғам, әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие екендігі анықталды.

**Қорытынды:** ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 21-тармағына сәйкес.

**Қорытынды:** Астана қаласы әкімдігінің №95 «Алматы» балабақшасы МКҚК білім беру қызметі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес.

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:** -

Мемлекеттік комиссияның 2024 жылғы «23» ақпандағы хаттамалық шешіміне сәйкес Астана қаласы әкімдігінің №95 «Алматы» балабақшасы МКҚК білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне байланысты **АТТЕСТАТТАЛДЫ.**